

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында аудан аумағында Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз етіп жүргізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы N 247 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 30 наурызда N 13-11-230 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 02.10-07-02-02 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімі аппаратының 03.01.2013 N 02.10-07-02-02 хаты)

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңының 27-бабы 3-тармағына, 28-бабы 1-тармағына, 31-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Занының 31-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы кейінге қалдыруға немесе шақыртылудан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жас аралығындағы, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген ер жынысындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізудің қоса берілген кестесі 1, 2-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

3. Селолық округтардың әкімдері әскерге шақырылушыларды ауданның әскери басқаруының жергілікті органына әскери қызметке азаматтарды шақыруды жүргізу кезінде уақтылы жеткізуді ұйымдастырсын.

4. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтарды әскери қызметке шақыру бойынша іс-шараларға шығындарды уақтылы

қаржыландыруды камтамасыз етсін.

5. Аудан әкімі аппаратының басшысы әскерге шақыруды жүргізу кезінде саны 5 бірлік қызмет көрсету персоналы мен техникалық қызметшілерді жұмысқа қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Н. Трифоновқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 сәуірінен туындаған құқықтық қатынастарға қатысты болады.

Тайынша ауданының әкімі И. Турков

КЕЛІСІЛДІ:

«Солтүстік-Қазақстан облысы

Тайынша ауданының

Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы Э. Мұсақұлов

1 - қ о с ы м ш а

Тайынша ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 19 наурыздағы № 247 қаулысымен
бекітілген

2012 жылдың сәуір-маусымында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№ р/б	Қаланың, селолық округтың атауы	Әскерге шақырылушылардың барлығы	Шақыруды өткізу күндері										
			02.04.	03.04.	04.04.	05.04.	06.04.	09.04.	10.04.	11.04.	12.04.	13.04.	16.04.
1	Абай	18		18									
2	Алабота	23		23									
3	Амандық	21			21								
4	Большеизюм	16			16								
5	Донецк	22				22							
6	Драгомиров	9		9									
7	Зеленогай	24					24						
8	Келлер	28				28							
9	Киров	14					14						
10	Краснокамен	8							8				
11	Краснополян	19							19				

12	Летовочный	17							17				
13	Миронов	18							18				
14	Роцинск	17								17			
15	Теңдік	16								16			
16	Тихоокеан	17								17			
17	Чермошнян	33									33		
18	Чкалов	63					31					32	
19	Яснополян	41											41
20	Тайынша қ.	105	50		13				7		17	6	
Барлығы:		529	50	50	50	50	50	50	50	50	50	38	41

Ескерту: Шақыру комиссиясының өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырысы аптасына бір рет сәрсенбі күні көктемгі шақыруда 2012 жылғы 30 маусымға дейін өткізіледі.

2 - қ о с ы м ш а

Т а й ы н ш а а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
 2012 жылғы 19 наурыздағы № 247 қаулысымен
 бекітілген

2012 жылдың қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№ р / б	Қаланың, селолық округтың атауы	Әскерге шақырылушылардың барлығы	Шақыруды өткізу күндері											
			01.10.	02.10.	03.10.	04.10.	05.10.	08.10.	09.10.	10.10.	11.10.	12.10.	15.10.	
1	Абай	15		15										
2	Алабота	18			18									
3	Амандық	20		20										
4	Большеизюм	21			21									
5	Донецк	20				20								
6	Драгомиров	10				10								
7	Зеленогай	21												
8	Келлер	28						28						
9	Киров	12						12						
10	Краснокамен	8					8							
11	Краснополян	19												
12	Летовочный	15		15										
13	Миронов	14							14					
14	Роцинск	17							17					

15	Теңдік	15							15				
16	Тихоокеан	17								17			
17	Чермошнян	30									30		
18	Чкалов	65								33		32	
19	Яснополян	38											38
20	Тайынша қ.	127	50		11		10	22	4		20	10	
Барлығы:		530	50	50	50	50	50	50	50	50	50	42	38

Ескерту: Шақыру комиссиясының өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырысы аптасына бір рет сәрсенбі күні күзгі шақыруда 2012 жылғы 30 желтоқсанға дейін өткізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК